

QAZAQ



YUNIVERSITETI

№1 (1783)
12 қаңтар
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

ҚазҰУ-дың ресми ақпараты

Әлеуметтік желілерде және бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарында ҚазҰУ басшылығы тарапынан университеттің жер учаскелері жеке тұлғаға сатылғандығы жөнінде ақпарат жарияланды. Бұған дейін университет осы мәселе бойынша жұртшылыққа өз ұстанымын ұсынды және қандай да бір заңсыз әрекетке қатысы жоқ екендігін ресми түрде жоққа шығарды.



КЕАҚ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың биылғы жылғы даму бағдарламасын іске асыру жолдары ғылыми кеңестің кезекті отырысында талқыланды.

ҰТЫМДЫ ЖОСПАР

Жоспарланған бағдарламаның оқу ісіне қатысты атқарылатын шаралардың мақсаттары туралы оқу ісі жөніндегі проректор Асқар Хикметов егжей-тегжейлі баяндап берді. Аталып өткен бірнеше мақсаттардың арасында оқытудың барлық сатыларында дарынды білім алушыларды іріктеу жолдарына назар аударылды. Мәселен, жыл сайын өткізілетін республикалық және халықаралық олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздарын тарту, студенттерге атаулы стипендияларын тағайындау үшін демеушілердің қатарын көбейту, оқу ақысы бойынша жеңілдіктерді жоспарлап, зерттеу үлгісіндегі жекелеген білім беру бағдарламаларын әзірлеу сияқты шараларын үдету маңыздылығы айтылды.

Жалғасы 2-бетте

ҰЛТТЫҚ САНА ӨЗГЕРУІ ТИІС!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы елдің болашағы туралы бүгінгі күннің мінберінен ой толғауымен маңызды.

Біздің ұрпақ қалай өмір сүрмек, оларға қандай мұра қалдырамыз, не істеу керек? Өскелең ұрпақтың бақытты өмірі үшін жастарды заман сұранысына сәйкес тәрбиелеу қажет. Сол себепті де ХХІ ғасырда ұлттық сана өзгеруі тиіс екенін түсінуіміз керек.

Әлем бір орнында тұрған жоқ, қозғалыс үстінде. Жаңа заман сұраныстары туындауда. Оған сай тәуелсіздігімізді, мемлекеттігімізді сақтау мәселесі – жаһандық бәсекелестік алдындағы маңызды қадам.

Бүгінде әлемдік пандемияға байланысты қашықтықтан жұмыс істеу, он-лайн білім алу қалыпты, әдеттегі үйреншікті жағдайға айналды. Болашақта тікелей бетпе-бет қарым-қатынастардан алшақтау қызмет түрлері белгілі стандарттарға көше бермек.

Әлеуметтік оқшаулану жағдайында өткізген карантин мерзімінде ақпараттық технологиялардың адамдардың санасына бұрынғыдан да тереңрек еніп, айтарлықтай жағымды жақтарымен қоса, тудырған мәселелері де көп болғанына көз жеткіздік.

Ғылыми-технологиялық жетістіктердің арқасында жаңа қолжетімді өнімдер мен қызметтер айналымға еніп, адамдардың күнделікті өмір сүруіне аса қолайлы жағдайлар туғызды. Әсіресе, COVID-19 пандемиясымен күресте аталған жетістіктердің пайдасы көп болды.

Қазақстан әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің құрамына енді стратегиялық бағдары ретінде ұстанып келеді.

Жалғасы 3-бетте

өтінішінде де дәл осындай жағдай анықталды.

Университет пен оның лауазымды тұлғалары жер учаскелерін иеліктен шығаруға қатысты ешқандай өтініштер мен құжаттар жолдамағанын және қол қоймағанын ресми түрде мәлімдейміз.

Сонымен қатар 2017 жылы ҚазҰУ 3.08.2017 ж. Алматы қаласы жер учаскелерін беру жөніндегі комиссия отырысының №28 хаттамасында көрсетілгендей коммуналдық мемлекеттік мекеме емес, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болды, сондықтан ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұл мәселені комиссияның қарауына шығаруға мүлдем құқықтық негіз болмаған.

Бұған қоса университетке қатысты жалғасып келе жатқан ақпараттық шабуылда жоғарыда аталған авторлар ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М.Бүркітбаевтың қолы қойылған 1.08.2017 ж. №9-9-2362 хатты университеттің өзі тарапынан жер учаскесін иеліктен шығаруына негіз ретінде ұсынуға тырысуда. Бұл университет басшылығын өзі жасамаған әрекеттері үшін айыптаудың тағы бір дәйексіз әрі «қисынсыз құрастырылған» жалған талпынысы.

Жалғасы 2-бетте

Үлкен қоғамдық резонансты ескере отырып, бұл жағдай университеттің Ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысында қаралды, онда ҚазҰУ мен оның басшылығының беделін түсіретін негізсіз айыптауларға жол бермеу туралы бірыңғай ортақ пікір айтылды. Сонымен қатар бұл мәселе әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Директорлар кеңесінің алғашқы отырысында қаралды.

Атап өту қажет, әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың авторлары М.Козачков пен Б.Базарбек ұсынған құжаттардың көшірмелерін тексеру барысында анықталғандай, жобаны әзірлеуші ретінде «Geo Audit Company» ЖШС көрсетілген 8.08.2017 ж. жерге орналастыру жобасының титулдық парағында университет атынан қойылған қолдар жалған, онда қол қоюшының лауазымы мен аты-жөні көрсетілмеген, сондай-ақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың елтаңбалы мөрі жоқ. «Geo Audit Company» ЖШС директоры О.Базарбайдың атына жерге орналастыру жобасын әзірлеуге 8.08.2017 жылғы өтініш пен Алматы қаласы жер қатынастары басқармасының басшысы А.Ж.Ахметовтің өкімдік қаулысының жобасын дайындау үшін жерге орналастыру жобасын бекіту туралы 16.08.2017 жылғы

ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
ИНТЕГРАЦИЯЛАНАДЫ



2-бет

ЖАСТАРДЫҢ
ҒЫЛЫМИ КӨКЖИЕГІН
КЕҢЕЙТКЕН



5-бет

СТРАТЕГИЧЕСКИЕ
ЦЕЛИ



8-стр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҰЛТТЫҚ САНА ӨЗГЕРУІ ТИІС!

Барлық дамыған елдер бірегей сапалы білім беру жүйесін алға тартады, сәйкесінше ұлттық білім беру жүйесінің барлық сатыларының сапасын жақсарту бойынша жұмыс сұранысқа ие. Қазіргі жағдайда білім беру интеллектуалды әлеуетті көрсетудің, әлемдік деңгейде ықпалдылықты танытудың құралы ретінде көрініп, мәдени дипломатияның формасы ретінде маңыздылыққа ие болып отыр. Осы ретте біздің міндетіміз оқудың, білімнің құндылығын дәріптеп, білімділік мен инновациялық ойлау мәдениетін қалыптастыруымыз қажет.

Бұл міндетті шешуде жоғары оқу орындары мен технологиялық парктердің басым рөлі айқын болуы тиіс. Ғылыми-инновациялық потенциал, кәсіпкерлік мәдениет, ойлау дизайны – міне, дәл осы ұғымдар университеттер мен білім және ғылым өкілдерін толғандыратын өзекті ойларға айналғаны жөн. Өркениеттік даму инновациялар мен қоғамның инновациялық мәдениетін қалыптастыру сұранысын тудырды. Бұл өз кезегінде тағы бір басқа мәселеге – әрбір бәсекеге қабілетті компания үшін аса маңызды инновациялар мен өзгерістерді басқару тақырыбын күн тәртібіне қойды.

Замануи алдыңғы қатарлы ғылымды дамыту үшін зерттеу тақырыбын жан-жақты қарастырып, басқа ғылым салаларының тәжірибесін ескере отырып қорытынды жасауға мүмкіндік беретін понаралық бағдар, ұстаным қажет. Осы орайда өз шешімін талап ететін маңызды кешенді міндеттердің бірі – еңбек нарығының модернизациясы туралы айтпай кету орынды болмас. Өндірістің, еңбек нарығы технологиясының жоғары стандарттары жұмыс күшінің шамадан тыс көбеюіне әкеліп, жас мамандардың жұмысқа орналасуына, жұмыссыздыққа, сәйкесінше әлеуметтік салаға тікелей әсер етуде. Осы контексте білім берудің жаңа әдістерін енгізу, оларды қолдану; Интернет-ресурстарының (соның ішінде Big Data) мүмкіндіктерін барынша пайдалану; жұмыс берушілер мен эксперттерді тарту міндеттері алға шығып отыр.

Қоғамдық сананы жаңғырту еліміздің бай мәдени тәжірибесін саралай отырып, оны бүгінгі таңның жаңа шындығына қиюластыра білуден танылары анық. Бұл процесс жолға алынар «жүкті» мұқият жинақтауды талап етеді. Қазақстан үшін, Президент өз мақаласында айтып өткендей, мәдени код тақырыбы аса өзекті. Жаһандық әлемде мәдениетімізді сақтау, дамыту толығымен тікелей бізге, Қазақстан халқына байланысты екені анық. Жан-жақты және креативті дамыған адам ғана болашақтың қожайынына айналады, еркіндікке ие болады, өзінің мәдени-өркениеттік көкжиегін кеңейтеді.

Экономикалық жағынан алға кеткен әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері өз тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін берік ұстана отырып, сонымен қатар жаңа, прогрессивті бастамаға ашықтық таныта, басқаны, беймәлім әлемді игеруде жаңашыл, пионерлік рухты басшылыққа алып келе жатқаны белгілі. Қоғамның «мәдени кодын» құрайтын құндылықтар жүйесі уақыт өте өзгеретіні де анық.

Ұлттың мәдени коды халық психологиясын анықтайды, оның іс-әрекеттік реакциясын түсінуге көмектеседі. Мәдени код – мәдениетті түсінудің жолы; халыққа ата-бабасынан қалған бірегей мәдени ерекшеліктері. Бұл – мәдениетті айқындауға мүмкіндік беретін қандай да бір формаға жасырылған ақпарат. Мәдени кодтар этномәдени



организмнің сақталуын, интеграциялық және бейімделу сипаттарын қамтамасыз етуге бағдарланған. Кодтар – бұлар ұзақ уақыт бойы ұлттың беріктігін сақтауға мүмкіндік беретін, ал оның иелеріне (әр түрлі ұрпақтардың өкілдеріне) төл мәдениетімен ажырамас байланысын сезіндіретін, мәдени біртұтастық сезімін ұстап тұратын қандай да бір конструкция.

Президент мақаласында: «Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткерді. ...Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде

ойшыл, философтардың мұрасына назар аудару – бұл өзінше рухани бағдарларды айқындау, құндылықтарды мәнге бөлеу, осылардың негізінде рухани бірігу мен ұрпақтар сабақтастығының өзекті концепцияларын, қазақстандық ұлтжандылықтың негізгі ұстанымдарын жасау, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа үдемелі жаһандық үдерістер жағдайында кіру стратегиясын жүзеге асыру. Соның жарқын көрінісі, ұлы ойшылдың бай ғылыми мұрасы бүгінгі күнге дейін өзінің жалғасын тауып, іске асып келеді. Оның еңбектері, трактаттары, ойлары уақыт ағынында өзінің жаңашылдығы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Мәдени өзгерістер біркелкілікке емес, әмбебаптылыққа бағытталған. Сәйкесінше, әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуде жеңілдетілген ұтымды сұлбалардан бас тартып, мәдени өзара әрекеттің жаңа типін қалыптастыру мәселесі ерекше зерттеу міндеті. Және де қазіргі заманғы мәдениеттің мегатенденциясы ретінде түсінуге философия салмағының (рөлінің) артуын атап өтеміз, ол әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени, этникааралық, діни және қоғамның басқа да мәселелерін шешуде жаңа тәсілдерді жасауға көмектеседі.

сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек», – дейді. Халық тарихы, оның мәдениеті – жанды, үнемі даму үстіндегі «организм». Кінәсіз және дерті жоқ ұлттық тарих болмайды, туған елдің тарихының астарлы беттерін ұмыту, ол туралы үнсіз қалу әсте мүмкін емес. Сол себепті де ұлттық мәдениеттің жағымсыз стереотиптерін анықтап, жөнге салып түзеткен жөн.

Осы жағынан алғанда модерни-зацияның екі бағытын анықтаған дұрыс. Біріншіден, жағымсыз стереотиптерді коррекциялау. Екіншіден, қазақ халқының мәдени-рәміздік кодының ерекше құрылымын жасау. Бұл ретте, тәуелсіз Қазақстанның ешбір идеологиялық ықпалға түспеген объективті тарихын жазу – алғашқы қадам болуы тиіс!

Президент мақаласы өткенге жасалған есеп пен болашаққа берілген бағдар іспеттес. Мақалада игерілген белестер талқыланып, алға жылжытар бағдарлар айқындалады.

Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз болашақ жоқ. Біздің бүгінгі күніміздің әрбір сәті – өткеннің елесі мен болашақтың бастауы. Осы ретте ұлы философ, ғалым-энциклопедист Әбу Насыр әл-Фарабидің тұлғасын ерекше атап өтуге болады. Ұлы

тәжірибе көрсетіп отырғандай, біртұтас әлемдік мәдениеттің қалыптасуына алып келмейді. Қазіргі мәдениет бір-бірімен сұхбатта және өзара ықпалдастықта болатын көптеген түпнұсқалы мәдениеттер. Мәдени өзгерістер біркелкілікке емес, әмбебаптылыққа бағытталған. Сәйкесінше, әлеуметтік-мәдени мәселелерді шешуде жеңілдетілген ұтымды сұлбалардан бас тартып, мәдени өзара әрекеттің жаңа типін қалыптастыру мәселесі ерекше зерттеу міндеті болып табылады. Және де қазіргі заманғы мәдениеттің мегатенденциясы ретінде түсінуге философия салмағының (рөлінің) артуын атап өтеміз, ол әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-мәдени, этникааралық, діни және қоғамның басқа да мәселелерін шешуде жаңа тәсілдерді жасауға көмектеседі.

Қазір, Қазақстан қалыптасқан мемлекет болып, дамудың жаңа сапалық деңгейіне өтуі кезінде дәстүрлер ар қазақстандықтың болмысының ажырамас бөлігіне айналуы қажет. Қазақстанды әлем картасындағы саяси бірлік ретінде емес, біздің ортақ үйдің ұлттық идеясы ретінде түсіну кешенді қайта өрлеу мен барлығына ортақ дәстүрлерді қайта жаңғырту негізінде ғана құрылуы тиіс.

Әдет-ғұрыптар халықтың өмірлік салты және қағидаларының біріктіргіш құралы болып табылады. Ұлттық генетикалық кодтың ажырамас бөлігі ретінде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың сабақтастығы – дүниетанымдық құндылықтарды тұрмыстық деңгейде беруді жүзеге асырудың аса маңызды факторы, ұлттық тірі дәстүрлердің тіршілігінің басты шарты болып табылады.

Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі әдептіліктің басты белгілеріне жататындары: атамекен мен туған халқына деген сүйіспеншілік, ар-ұятты қастерлеу, намыстылық, мейірімділік, ізеттілік, ата-бабалар аруағын сыйлау, ата-аналық парыз бен балалық қарыз, қанағатшылдық және т.б. Басқаша айтқанда, этностың басты ұғымдары әдептіліктің, кісіліктің төңірегінде топтасқан.

Мәдениеттің негізіне тіл жатады. Қазақ тілі ұлт қалыптасуының, оның бірлігінің міндетті шартына айналады. Тіл бар көпқырлы мәдениетті, өте күрделі қоғамды қамти алатын тұтас әлем секілді. Тілге әр халық үшін «халық рухын», оның мәдениетін білдіретін ерекше ішкі форма тән; тіл адам мен оның қоршаған ортасын байланыстыратын бөлшек. Мәдениет – тіл арқылы кодталған жады.

Мыңжылдықтар межесінен өтіп, ғасырлар бойы дамып, өрістеп келе жатқан рухани мұраларының құндылығын арттыру, дәстүр сабақтастығын жалғастыру, оған дәнекер болу, әрбір ұлттық мәдениетке көзінің қарашығындай қамқорлық жасау – зиялы қауымның борышы мен парызы. Бар ізгі құндылықтарды сырттан емес, өзіміздің асыл мұралардан іздеу, оны жандандыру, қалпына келтіру, мәдениеттанулық деңгейге көтеру арқылы ұлттық сананы өзгерту еліміздің жарқын болашағының кепілі деп білеміз!

Алия МАСАЛИМОВА,
филос.ғ.д., профессор,
Философия және саясаттану
факультетінің деканы

КазНУ им. аль-Фараби принял участие в качестве партнера во Всемирном форуме лидеров, организатором которого выступил Колумбийский университет (США)

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетіне жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы – еліміздегі саяси оқиғалардың ең маңыздысы ретінде қабылданатын тарихи бағдарламалық құжат болып табылады.

ТАНЫМДЫҚ ТАҒЫЛЫМ



ширатуға үлкен серпін береді деп ойлаймын.

Президентіміз тарихымызды танып, қастерлеу, дәріптеу қағидаға айналу керектігін айтып өтеді. Қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге таныту – ұрпақ алдындағы міндет болып саналады. «Шетел аудиториясына арналған Қазақстанның

қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамын» деуі төл тарихымыздың жаңғыруына жол ашылмақ. Демек, осы бағытта жарқын жобалар жүзеге асуы тиіс деп санаймын. Яғни, еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту, сақтау, дамыту, халыққа таныту, оларды насихаттау, тарихын жете зерделеу болып табылады. Бұл ұлттық бірегейліктің басты тірегі бола алады.

Осы бағытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (www.kaznu.kz) жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында оқитын шетелдік студенттерге ғылыми-танымдық, тәрбиелік маңызы бар іс-шаралар өткізіліп отырады. Кафедраның мақсаты заманауи Қазақстанның тарихын, мәдениетін, тілін әлемге таныту, ұлттық мәдениетті, қасиетті рухани құндылықтарды шетелдік азаматтарға кеңінен таныстыру, өткен тарихымызды, мәдениетімізді білетінімізді шетелдік студенттерге дәріптеу. Оларды ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды,

тарихымызды құрметтеуге тәрбиелеу. Бұл, біріншіден, қазақ халқының жоғары мәдениеті мен өнегелік қасиеттері туралы шетелдік студенттердің тарихи-мәдени білімдерін көтерудің өзгеше формасы, екіншіден шетелдік студенттердің ой-танымын қалыптастырудың негізі болар бірден-бір жақсы шара және қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы.

Халқымызды болашақ ұрпағының жарқын келешегі үшін еңбек етуге шақырған әлеуметтік-тәрбиелік саяси мәні зор Президент мақаласын жалпы еліміздің өркендеуі жолындағы ауқымды сын-тегеуріндерді еңсерудің мүмкіндігі әрі жолы деп білемін. Еліміздің дамуы алдындағы барлық міндеттердің Президенттің бағыт беруімен жемісті жүзеге асырылатынына, өзекті мәселелер ұтымды шешімін тауып, алдағы уақытта ел игілігі үшін оң өзгерістер болатынына кәміл сенемін.

А.Е. САДЕНОВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының меңгерушісі

Кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев КазНУ имени аль-Фараби (www.kaznu.kz) организовала онлайн-обсуждение статьи Президента РК Касым-Жомарта Токаева «Независимость превыше всего». Материал посвящен 30-летию независимости Казахстана, это важное историческое событие наша страна отметит в этом году.

В своей статье Глава государства подвел основные итоги развития Казахстана за годы суверенитета, перечислил успехи республики, достигнутые за столь короткое время в истории, а также определил задачи на будущее. "В этом году исполняется 30 лет независимости Казахстана. Это важная дата в укреплении возрожденной казахской государственности, свободы, о которой мечтали наши предки", - сказал К. Токаев. Стоявший у истоков становления независимого Казахстана известный политик условно разделил это время на 3 десятилетия.

«Я бы назвал первое десятилетие независимости периодом закладки основ нового Казахстана. В то время под руководством Елбасы были сформированы символы нашего государства и система власти. Созданы свои национальная валюта и Вооружённые силы, установлены границы страны. Принят наш главный закон. Установлены дипломатические отношения с зарубежными странами. Благодаря своим актуальным инициативам Казахстан стал активным игроком на политической арене мира и членом авторитетных международных организаций», - отметил Глава государства.

Второе десятилетие К. Токаев назвал периодом расширения потребностей казахского народа. По словам Президента, за третье десятилетие Казахстан вырос и стал сильным государством.

Статья К. Токаева, подводя итоги за прошедшие 30 лет, направлена и на дальнейшее развитие нашей страны. Президент также обозначил главные цели четвертого десятилетия



– сильное государство и конкурентоспособная нация. Он отметил, что, «оставаясь частью мирового сообщества, мы должны трепетно относиться к своим корням. Нельзя отрываться от своей самобытной культуры и уникальных традиций, которые составляют нашу национальную идентичность». Известно, мощь любой страны – ее история, ее корни и устремления в будущее.

В своей статье К. Токаев поручил больше внимания уделять изучению исторически важных событий в Казахстане. Знание истории своей страны важно для всех граждан сегодня, а также и для следующих поколений, чтобы они понимали всю ценность своей жизни. Президент призвал честно осмыслить и оценить исторически важные события в Казахстане, среди которых в первую очередь речь идет о массовом голоде 1921-1922 годов, который унес жизни миллионов казахов. Было подчеркнуто, что «если бы не это событие, наша нация была бы во много раз больше, чем сегодня».

МОЛОДЕЖЬ – ДВИЖУЩАЯ СИЛА ПРОГРЕССА

Главный посыл статьи - Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев заявил, что территорию его страны «никто извне» не отдавал, и народ проживал на ней веками. «Наша священная земля, унаследованная от предков, – наше главное богатство. Она не была нам «подарена» кем-либо. Наша история началась не в 1991 или 1936 годах. Наши предки жили здесь во времена Казахского ханства, в эпоху Золотой Орды, Тюркского каганата, гуннов, саков. Другими словами, корни нашей национальной истории уходят далеко в глубь времен. Историей должны заниматься историки, а не политики», - заявил К.Токаев. Он отметил, что в настоящее время у Казахстана есть признанная граница, установленная двусторонними соглашениями, которую никто не может оспорить. «Необходимо сдержанно, официально и публично противостоять провокационным действиям, в которых ставится под сомнение территориальная целостность страны и критикуются добрососедские отношения. Границы Казахстана полностью определены», - заявил Президент РК.

Как известно, после подписания в 2018 году Конвенции о правовом статусе Каспийского моря границы республики были окончательно определены не только на суше, но и на море. «Мы должны быть готовы защищать национальные интересы любыми способами», — добавил Токаев. Также он подчеркнул, что Казахстан – это единое государство, которое не делится на юг, север, запад и восток, и казахстанская земля никогда не будет продаваться. «Истина, которую мы все прекрасно знаем, заключается в том, что казахская земля не передается в собственность ни одному иностранцу, никогда не продается. Это должно быть твердо заложено в сознании каждого гражданина», – подчеркнул Касым-Жомарт Токаев.

В своей статье Глава государства также высказался о роли казахского языка в

казахстанском обществе. Он напомнил, что знание государственного языка – долг и обязанность каждого гражданина Казахстана, и обратился ко всем соотечественникам, которые еще не овладели нашим государственным языком, со словами, что главное – сохранять энтузиазм, процитировав известную народную поговорку «Лучше поздно, чем никогда». Но в то же время, по словам К.К.Токаева, широкое применение казахского языка не означает какого-либо ограничения для использования других языков, в частности русского. В этой связи он обратился ко всем казахстанцам, в том числе и к тем, которые еще не владеют казахским языком. «Мы видим, что молодежь может выучить английский или другие языки в кратчайшие сроки. Каждый, кто хотел выучить казахский язык, уже знает его. Но, как говорят в народе: «Лучше поздно, чем никогда». Главное – сохранять энтузиазм», - сказал К. Токаев.

Также он высказался о приоритетах дальнейшего развития государства, обозначил ключевые акценты в дальнейшей работе. «Мы хотим построить справедливое общество и эффективное государство. Если в каждом деле руководствоваться принципом справедливости, то эти цели достижимы», - отметил Президент РК.

Глава государства в своей статье отдельное внимание уделил поддержке талантливой молодежи. В частности, он предложил учредить грант «Тәуелсіздік ұрпақтары» в поддержку молодых талантливых казахстанцев. «Молодые люди всегда являются источником новых идей, движущей силой позитивных изменений. Поэтому нужно направлять и эффективно использовать этот потенциал подрастающего поколения», - заявил Президент Казахстана.

Б.С. АЙДАРОВА,
кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев

МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәуелсіз еліміздің 30 жылдығының қарсаңында жазған мақаласы менің жадымда үлкен із қалдырды. Мақала – идеология саласындағы бұрынғы уақытта жасалған кейбір ертегілерге мүлдем ұқсамайды: онда нақтылы түрде қол жеткен жетістіктерді байыпты бағалаумен қатар, бүгінгі таңдағы өткір мәселелерді шешу жолдары көрсетілген. Бұл елдің жарқын болашағы жөніндегі халықтың сенімін нығайтып, оның күш-жігерін арттыратыны сөзсіз.



Кейбір шетелдік саясаткерлер қазіргі шиеленіскен халықаралық жағдайға, өз елдеріндегі халықтың ауыр ахуалына байланысты «кішігірім жеңімпаз соғыс ашып» аз уақыт болса да адамдардың назарын басқа жаққа аудару әрекетін жасауда. Осы тұрғыдан келгенде Президент Қ-Ж.Тоқаевтың жеріміз бен мемлекеттілігіміз жөнінде айтқан сөздері әр қазақстандықтың жүрегіне терең ұялады десек те болғаны. «Айқын және бұлжымайтын ақиқат» ретінде ел басшысы жердің еш шетелдіктерге сатылмайтыны жөнінде басып айтты. Жерді тиімді пайдаланудың негізінен алғанда екі жолы бар – біреуі жерді жеке меншікке беру, екіншісі – жерді үнемі мемлекеттік меншікте ұстау, оны тек 49 жылға мемлекеттің талаптарын сақтай отырып, жалға алуға болады. Біріншісі – көбіне Батыс, екіншісі – Шығыс елдерінде тараған. Мысалы, ең көне өркениеттердің бірі – Қытай елінде жер ешқашанда жеке меншікке болған жоқ. Бірақ, ондағы фермерлер 1,5 млрд. жуық халықты асырап отыр емес пе? Енді сұрақ пайда болады: қайсысы бізге пайдалы? – Әрине, Шығыс жолы. Ауыл малының жайылатын жерлеріне дейін алып алған кейбір «лендлордтардан» бәрін күтуге болады. Олардың кейбіреулері кішігірім Еуропа елдеріндегідей жерді алып алған, қиын-қыстау жағдайда «мен жерім-мүлкіммен көрші мемлекетке өтем» – десе, ал оны көрші мемлекет қолдаса, сонда не істейміз? Қазіргі уақытта мемлекет ауылдағы халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге, жеке қолдағы мал азығын дайындауға, жайылым көлемін молайтуға, ауыл адамдарының басын біріктіріп шаруашылық өнімдерді шығаратын кооперативтерді құруға атсалысса екен дейміз. Ауыл шаруашылығындағы алпауыттардың жер көлемін белгілі бір мөлшерде шектеу аса қажетті деп ойлаймыз.

Президент Қ-Ж. Тоқаев мемлекетті әрі қарай жетілдіру мәселесіне де көп көңіл бөлді. Тұлғаның ойынша, әр саналы азамат өз алдына мынадай терең сұрақтар қояды, олар оны толғандырамыз анық. «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» Осы тұрғыдан алғанда, өткенді сараптай отырып Президент тоталитарлық мемлекеттен демократиялық қоғамға өтудің аса қиындығын атап өтті. Салыстырмалы түрде

Серік МЫРЗАЛЫ,
философия ғылымының докторы,
Философия кафедрасының профессоры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы әр азаматқа үлкен ой салып, тың серпін берді.

ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Осыдан отыз жыл бұрын ғана тәуелсіздік туын желбіретіп, тарих сахнасына таныла бастаған Қазақстан бүгінгі күні іргелі елдермен терезесі тең, мақсаты айқын мемлекеттердің біріне айналды. Дегенмен, бүгінгі әлемдегі саяси және экономикалық үдерістер, әсіресе адамзат баласын тығырыққа тіреп отырған пандемия кез келген мемлекеттің, қоғамның алдына жаңа талаптар, міндеттер қойып отырғаны айқын. Президент мақаласында баяндалған тұжырымдар жүрегі елім деп соққан әр азаматқа бағдаршам болып, үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы орайда қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағы – әл-Фараби атындағы ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің ұжымы мемлекет басшысының мақаласында баяндалған рухани құндылықтарды бүгінгі жас ұрпаққа жеткізуді басты назарда ұстап келеді. Әсіресе, мақалада арнайы атап көрсеткен ана тілінің тағдыры, оны әр азаматтың білуі филолог мамандардың алдында атқарылар ауқымды істердің бар екенін айқындай түсті. Бүгінгі таңда филология және әлем тілдері факультетінде дайындалып жатқан мамандар Президент тоқталған мәселелерді шешуге өз үлестерін қосатыны анық. Заман талабына сай мамандар дайындау сапасына қатысты талаптар күшейтіліп, олардың құзыреттері айқындалған. Осы ретте факультет түлектері тек ғылыми-педагогикалық бағытта ғана емес, басқа да салаларда (кино, театр т.б) өз қолтаңбаларын қалдыруда. Бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласындағы қазіргі кино өнеріне, соның ішінде қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты тұжырымдарында айтылған оймен сабақтас. Болашақта факультет түлектерінің мемлекет басшысы көңіл аударған киносценарий бағытында да ізденістер жасап, тың дүниелер әкелетініне сенім артмамыз.

Мемлекет басшысы өз мақаласында ел іргесінің берік болуына әрбіріміздің мүдделі болуымызды, ата-бабаларымыз найзаның ұшымен қорғаған қасиетті жерімізге ешкімнің таласы болмауы керектігін де басты назарға алды. «Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің



дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі. Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек» деп нақтылаған Президент мемлекеттің ең негізгі байлығы ел ертеңін ойлаған, халыққа қызмет ететін адам екендігіне назар аударды. Әрине, елді сүю тек біліммен ғана емес, білікпен, тәрбиемен негізделері анық. Университет стратегиясында әр студенттің терең білім алып қана қоймай, мемлекетшіл азамат болуына да ұстаздар қауымы үнемі көңіл бөліп келеді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген әл-Фараби өсиетімен өрілген білім ғана болашақ елге, ұлтқа қызмет ететін жастарды тұлғалық деңгейге көтереді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұстаздары Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласының болашақ бағдарымызды айқындап, ел бірлігін нығайтудағы маңыздылығына ерекше мән берді.

Самал ДӘРБАЙҰЛЫ,
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымының кандидаты

Қазақ елі мен жерінен бастап, тілі мен ділі, білімі мен ұлттық мәдениеті, ғылымы мен жаңғыруына дейінгі аралықтағы өзекті мәселелер көтерілген Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы қоғамдық санаға үлкен сілкініс жасады.

Мақаланы оқыған еліміздің әрбір азаматының бойында ұлттық намыс жалындап жанып, ұлттық рух асқақтады. Президентіміздің дипломатиялық тілмен өрілген салиқалы сөздері қазақтың кең-байтақ киелі жеріне сұқтана қараған сыртқы жаулардың сұғанақ көздеріне шоқтай болып басылып, арандаушы бәдік ауыздарына құмдай болып құйылғандай болды. Осылайша, тарихи тамыры көне заманнан бастау алатын Ұлы дала елі өзінің ұлттық мүдделерін қорғауға әрқашан да тас-түйін дайын екенін төрткүл дүние түсінді. Мемлекет басшысы бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз екенін, қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын екенін кесіп айтты.

ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА СІЛКІНІС

Мемлекеттің территориясы мен халқы, егемендігі және рәміздерімен қатар мемлекеттік тілі де аса маңызды саяси символдардың бірі. Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту барлық елдер үшін ішкі саясаттың басты басымдықтарының бірі болып табылады. Мемлекеттік тіл – сол елдің халқын біріктіретін, азаматтық өзін-өзі айқындау мен елдің ынтымақ-бірлігін нығайтатын ғажайып қарым-қатынас құралы. Әсіресе, мемлекет құраушы төл ұлттың негізінде пайда болған ұлттық мемлекеттер үшін мемлекеттік тілдің күшті болуының өмірлік маңызы зор. Мысалы, Англия, Германия, Франция, Испания сияқты европалық елдер болсын, Жапония, Қытай, Корея, Түркия сияқты азиялық елдер болсын, мұсылман араб елдері болсын өздерінің мемлекеттік тілдерін дамытып, оны ел халқы жаппай қолданатын, баршаға ортақ мемлекеттік тіл деңгейіне жеткізіп отыр. Әлем елдерінің ешқайсында біздегі сияқты «мемлекеттік тілді дамыту керек, оның қолданылу аясын кеңейтуіміз керек» деген мәселелер жоқ, өйткені олардың мемлекеттік

тілі қоғам өмірінің барлық салаларында жаппай қолданысқа ие. Аталған ұлттық мемлекеттердің бірінің азаматтығын алғыңыз келсе, не болмаса білім аламын немесе жұмыс істеймін десеңіз сөзсіз сол елдің мемлекеттік тілін меңгеруіңіз қажет. Оларда мемлекеттік тілді білу қоғамның әрбір мүшесі үшін шынайы өмірлік қажеттілікке айналған. Егеменді ел хәм күшті ұлттық мемлекет боламыз десек, бізде де мемлекеттік тіл сондай биік деңгейде болуы шарт. Егер мемлекеттік тіл толыққанды жұмыс істесе, онда мемлекетті құрушы төл ұлт рухани күшті деген сөз. Бұл тұрғыда Президентіміз Қ. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады» деп нақты көрсетті. Баршаға ортақ мемлекеттік тіл – біртұтас ел-жұрт болып ұйысудың формуласы. Түйіндеп айтар болсақ, тіл – әрбір ұлттың, кез келген мемлекеттің басты байлығы. Мемлекеттік тілін сақтап отырып, мемлекет құрушы ұлт ассимиляцияға ұрынбай, жаһандануға жұтылмай, болашақта да дамып,

өзін-өзі сақтай алады. Тіл мен әдебиет, ұлттық идея мен мәдениет ұлттың бойындағы иммундықжүйе сияқты. Тіл-тарихтың, ұлттық рухтың, ұлттық идея мен дүниетанымның, халықтың сан ғасырлық тәжірибесінің алтын діңгегі, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігі. Ана тілін жоғалту кез келген адамның жан-дүниесіне теріс әсер етіп, маргиналдық күйге ұшыратады. Ана тілі – ұлттық мәдениеттің бір бөлігі, оны қолданып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал. Әрине, өзіміздің мемлекеттік тілімізді дамытып, одан әрі байыта отырып, ана тілімізді сүйемен қатар өркениет көшінен қалмай, әлемдік қауымдастықпен терезесі тең қарым-қатынас жасау үшін шет тілдерін де білуіміз және құрметтеуіміз қажет.

С.Ш. МҰСАТАЕВ,
Саясаттану және
саяси технологиялар
кафедрасының профессоры

Факультет биологии и биотехнологии КазНУ провел Международную научно-практическую конференцию «Аспекты и инновации биотехнологии окружающей среды и биоэнергетики»

Саяси тәуелсіздіктің қандай баға жетпес құндылық екеніне еліміздегі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың, әсіресе психология ғылымы тарихы мысалында айқын көз жеткізуге болады. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Қазақстанда психология ғылымның ренессансы мен институционализациясы орын алды. Жүйелі түрде отандық психолог мамандары даярлау жүзеге асты. Оған дейін республикада жекелеген, тек саусақпен ғана санарлық жоғары білікті психолог кадрлары болған еді.

Мәжит Мұқанов әлемі

еңбектер бар ма? Бәрі салыстырып қарағанда белгілі болады дейді ғой. Қазақ ғалымдарының зияткерлік деңгейі басқалардан еш кем емес екен. Соның жарқын бір дәлелі - психолог Мәжит Мұқановтың зерттеулері.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің жалпы және қолданбалы психология кафедрасы өткен жылы қазақ ғалымы, профессор М.М. Мұқановтың 100 жылдығына арналған «Профессор М.М. Мұқанов және қазақстандағы заманауи психологиялық ғылым» атты дөңгелек үстел өткізді. Онлайн форматта өткен дөңгелек үстелдің модераторы психология ғылымдарының кандидаты Ж. Сейітнұр болды. Дөңгелек үстелді ресми ашып берген кафедра меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, профессор З.Б. Мадалиева ғалымның өмірбаяны мен еңбектеріне арнайы тоқталып өтті. Сонымен, Мәжит Мұқанов деген кім?

Мұқанов Мәжит Мұқанұлы (04.10.1920-03.02.1985) — қазақ психологы. Жалпы психология, даму психологиясы және этникалық психология саласының маманы, Қазақстандағы психология ғылымының танымал жетекшісі және ұйымдастырушысы. Психология ғылымдарының докторы (1980), профессор. Он бес жыл бойы КСРО ОП республикалық филиалын басқарған. Жыл сайын шығатын ЖОО аралық «Психология» жинағының бас редакторы болған (1970-1981). А.И. Герцен атындағы Ленинград педагогикалық институтын және С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің аспирантурасын бітіргеннен кейін кандидаттық диссертациясын қорғайды және Алматының ЖОО-да 35 жыл психологияны оқытады. 1958

Кеңес Айтжанұлы Нұрғалиевтің сөйлеген сөзі болды. Ұстазының есімі ұмтылып ескерусіз қалып бара жатқанына налып оның көз жасына ерік бергенін көргенде, осы біз өз ұлтымыздың ғалымдарын дұрыс бағалап жүрміз бе деген ойға қалады екенсің. Отыз жылдай психологтардың жаңа буынын даярлап шығарсақ та артында өте құнды ғылыми мұра қалдырған М. Мұқановтың зерттеулерін елеусіз қалдыру біздің психолог ғалымдармызға үлкен сын. Кезінде елімізде «Ұлағат» атты ұлттық тәлім-тәрбие мен мінез-құлық мәселелеріне арналған ресми тұңғыш журнал болған еді. Соның бір санында (Ұлағат. - 2003. - № 2) жарық көрген мақаламызда мына жайға назар аудартқан едік: М. Мұқановтың жетекшілігімен бірнеше адам (Б. Ыбыраев, Қ. Нұрғалиев, Н. Нұртазина және т.б.) кандидаттық диссертация қорғағанын ескерсек, оның ғылыми мұрасы не себепті бүгінде көпшілікке кең таралмағаны, түсіндіріліп насихатталмағаны еріксіз ойландырады. Сол сұраққа әлі қанағаттанарлық жауап ала алмай келеміз.

Кеңес дәуіріндегі ғылым тарихын зерттеген кезде бір байқағанымыз, марксистік идеологияға негізделген үстем парадигмаға сай келмеген ғылыми еңбектерді жарияламау не біржақты сынау дәстүрі болыпты. Оның үстіне Коммунистік партия қабылдаған әр түрлі саяси шешімдер ғылымға тікелей ықпал еткен екен. Әсіресе, психология ғылымы бұдан қатты зардап шекті. Идеялық тұрғыда халық жауларын іздеу, буржуазиялық ұлтшылдыққа, «пантюркизмге» (түркішілдікке) қарсы күрес ұлттық тарихтың қатты

аспектілері ана тілімізде жарық көрген «Ақыл-ой өрісі» кітабында қамтылады. Оны оқу барысында екі тілдің концептосферасы арасында айырмашылық барына куә болдық.

Қазақстандағы психология тарихының беттеріне беттерінде әлі ақтандар көп екен. Оқулықтарда еңбегі тұрмақ есімдері де аталмай қалған психологтар бар. Мәселен, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, психология ғылымдарының кандидаты Раиса Башибайқызы Қарамұратова (1946-1998) М.М. Мұқановтың шәкірті болғанын кейін біліп жатырмыз. Ол кісі Грузиядағы белгілі К.Д. Узнадзенің психологиялық ғылыми мектебінде диссертациясын қорғаған қазақ қыздарының біріншісі екен. Еліміздің тарихи-психологиялық білімнің жалпы қорына қосылуы тиіс материалдар әлі жетеді.

Дөңгелек үстелге еліміздің әр түкпірінен ғалымдар, психологтар, оқытушылар, студенттер мен магистранттар қатысты. М.М. Мұқановтың тікелей қол астындағы жұмыс жасаған Ұ.А. Уақпаеваның («Қайнар академиясы», психол.ғ. канд., кафедра доценті) естеліктері ғалым тұлғасын жаңа қырын толықтыра түсті. Ғалымның 27 жыл қызмет еткен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті атынан профессорлар, кафедра меңгерушілері А.Қ. Сатова мен Б.А. Альмухамбетов баяндамалар жасады. Ал осы шараның өтуіне мұрындық болып отырған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасынан психология ғылымдарының докторлары Ф.С.Тәшімова, Д.Д. Дүйсенбеков және қазақ тілінде тұңғыш рет психологиядан докторлық жұмыс жазған профессор С.Қ. Бердібаева сөз сөйледі. Олар Мәжит Мұқанов мұраларының ғылыми құндылығын ерекше атап өтті. Үлкен ғалымның психологиялық идеялары, көзқарастары мен концепциялары ғалымдар тарапынан әлі де толыққанды зерттелінбей жатқанына назар аударылды. Уақыттың шектеулігіне байланысы көптеген қызықты баяндамаларды аяғына дейін тыңдауға мүмкіндік болмады. Кейінірек М. Мұқановтың психологиялық мұрасын жеке қарастыратын докторанттар мен магистранттарға арналған әдіснамалық семинар өткізілетін болып шешілді.

Кез келген халықтың әншейін біріге салған жиынтық емес, шын мәнінде оны ұлт ететін мәдени-генетикалық коды барын соңғы уақыттары еліміздің саяси қайраткерлері де айта бастады. Ал осыдан қырық жыл бұрын қазақ психологы Мәжит Мұқанов қазақтың ақыл-ой өрісін психологиялық механизмдерін зерттеп зияткер ұлт екенімізді өзге жұртқа дәлелдеп берді. Тұлға мінез-құлқына әсер етуші этникалық және ұлттық детерминантты зерттеуге батыл бет бұрған қазақ психологы Мұқановтың ғылыми мұрасы оқулықтар мазмұнына кіруі тиіс. Дөңгелек үстелден түйген басты ойымыз: Ұлы Даланың мақтан тұтар рухани құндылықтары бар және оны ғылыми зерттеу пәніне айналдыру әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі болып табылады.

З.Б. МАДАЛИЕВА,

жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, профессор

Ж. СЕЙІТНҰР,

жалпы және қолданбалы психология кафедрасының оқытушысы, психология ғылымдарының кандидаты

Осыдан қырық жыл бұрын қазақ психологы Мәжит Мұқанов қазақтың ақыл-ой өрісін психологиялық механизмдерін зерттеп зияткер ұлт екенімізді өзге жұртқа дәлелдеп берді. Тұлға мінез-құлқына әсер етуші этникалық және ұлттық детерминантты зерттеуге батыл бет бұрған қазақ психологы Мұқановтың ғылыми мұрасы оқулықтар мазмұнына кіруі тиіс.

жылдан өмірінің соңына дейін Абай атындағы ҚазПИ жұмыс атқарады, 1968 жылдан аталған ЖОО Қазақстандағы ең алғашқы психология кафедрасын басқарады. Психология бойынша 18-ден астам оқулықтар мен оқу құралдарының авторы.

Мерейтойға қатысты құттықтау сөз айтқан профессор Қ.Б. Жарықбаев Мәжит Мұқановтың шығармашылық және кәсіби жолы туралы маңызды ақпараттармен бөлісті. Жалпы бұл кісі М.М. Мұқановтың туғанына 100 жыл болғандығын атап өту жөніндегі идеяның авторы болғаны екенін айтып өту керек. Жыл бойы кафедра мәжілістерінде өз әріптестеріне алдағы мерейтой жайлы үнемі еске салып отырды. Нәтижесінде кең көлемдегі халықаралық ғылыми конференция болмаса да, осыдан 35 жыл бұрын өмірден өткен қазақ психологы М. Мұқановты еске алатын арнайы іс-шара өтті. Жалпы көрші Ресейде ең болмағанда мерейтой қарсаңында көрнекі ғалымдарын еске алуға арналған жақсы дәстүр бар екен. Бұл ғылыми сабақтастықтың үзілмей жалғасуына әсер етеді.

Дөңгелек үстелге қатысушыларға қатты әсер еткен М. Мұқановтың көзі тірі жалғыз шәкірті, М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, педагогика және психология кафедрасының доценті, психология ғылымдарының кандидаты


бұрмалауына әкелді. Қазақтың алғашқы психологы Жүсіпбек Аймауытовтың еңбектерін біле тұра жасыру, ресми тұңғыш психология доценті Салкен Балаубаевтарды құдалау орын алды. Психологтардың алғашқы буыны осындай қиын жағдайды бастан кешкенінен хабардар Мәжит Мұқановтың этнопсихологияға қатысты мәселені докторлық диссертацияның тақырыбы етіп алу («Тарихи-этникалық тұрғыда ақыл-ойды психологиялық зерттеу») оның батылдығын, басын тәуекелге тіккенін көрсетеді. Көптеген жылдар бойғы ғылыми қызмет пен зерттеулердің қорытындысы ретінде докторлық диссертациясын ол 1980 жылы КСРО ҒА Психология ҒЗ институтында қорғады. Бұл психология ғылымы тарихында қазақ ұлтының өкілі қорғаған тұңғыш докторлық диссертация еді. Мұқанов орасан зор эксперименттік және этнографиялық материалдарға сүйене отыра ұлттық фольклор арқылы жүзеге асырылатын күнделікті сананың рефлексия механизмдерін зерттеді. «Тарихи-этникалық аспектідегі ақыл-ойды психологиялық зерттеу» (1980) еңбегі орыс тілінде қорғалды. Өйткені, Кеңес өкіметі кезінде «лингва франка» қызметін атқарған орыс тілі әлеуметтік мобильділік пен кәсіби мансаптың кепілі болды. Диссертацияның кейбір

ҚазҰУ-дың журналистика факультеті Орталық Азия университеттерінде оқу бағдарламаларын интеграциялау жобасын жүзеге асыруда

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев талабына сәйкес ғылым мен тәжірибені ұштастыратын бәсекеге қабілетті мамандар дайындауды мақсат етеді. Бұл орайда университет көлемінде жасалатын тәжірибелермен қоса, ұлттық ғылыми аренада шындала түсетін шетелдік тәжірибе алмасу – әрбір мемлекет бағына бұйыра бермейді.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып Филология және әлем тілдері факультеті жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасы әлемнің түрлі ТОП университеттері мен зерттеу орталықтарымен тығыз ғылыми ынтымақтастық байланысын құрып келеді. АҚШ-тың Висконсин, Мэриленд, Джорджтаун және т.б. университеттері мен Вашингтон қаласындағы Ұлттық мемлекеттік кеңес пен халықаралық білім беру және тілдер жөніндегі бірлескен ұлттық комитетпен (JNCL-NCLIS) тығыз байланыс орнатты. Ал Еуропада Гранада Университеті (Испания), Вена экономика және бизнес университеті (Австрия), Зальцбург Университеті (Австрия), Кадис Университеті (Испания) және

ЖАСТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТКЕН



т.б. оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз қарым-қатынас орнатып келеді. Халықаралық ғылыми байланыс ғылыми тағылымдамалармен ұштасты.

АҚШ-тың Ұлттық мемлекеттік кеңес пен халықаралық білім беру және тілдер жөніндегі бірлескен ұлттық комитетіндегі (JNCL-NCLIS) халықаралық тәжірибе

комитет аясында ғана емес, сонымен қатар кітап қоры жөнінен әлемде алдыңғы қатардан көрінетін Конгресс кітапханасының байлық қорымен, бірқатар әлемдік деректер базасымен танысумен жалғасты. Кітапхана жүйесінің қолайлылығы арқасында қысқа ғана мерзімде айтарлықтай толық ғылыми әдебиеттер мен сирек

кездесетін кітаптарды қарастыра алдық. Ғылыми жаңа бетбұрыстар мұнымен аяқталған жоқ, себебі тәжірибе барысында Қолданбалы лингвистика орталығының (CAL/Center for Applied Linguistics) президенті, әлеуметтік лингвистика, тілді меңгеру саласында зерттеу жүргізетін PhD Терренс Дж. Вайлей, Ұлттық мемлекеттік кеңес пен халықаралық білім беру және тілдер жөніндегі бірлескен ұлттық комитет атқарушы директоры, тіл саясаты саласының маманы PhD У.П. Риверс және PhD Ширин Бхалла секілді лингвистика саласында терең еңбек еткен ғалымдармен өз зерттеулеріміз аясында сұхбаттасып кеңес алдық.

Осындай халықаралық байланыстардың арқасында бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу жемісті бола бермек дей келе, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұстанатын халықаралық ынтымақтастық пен ғылымды дамытудағы стратегиялары мен қолдауына алғыс білдіреміз. Қазақ жас ғалымдарының ғылыми көкжиегін кеңейткен ұлттық университетіміз әлемдік көшбасшы университеттері қатарынан көріне берсін деп тілейміз.

Г.Б. МАДИЕВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор;
Г.А. БОРИБАЕВА,
PhD доктор

ЛИДЕР НАУКИ

Заведующий кафедрой математического и компьютерного моделирования, профессор КазНУ Алибек Исахов победил в номинации «Высокоцитируемый казахстанский автор» престижной премии «Лидер науки – Web of Science Awards 2020» в предметной области «Физика».



Под авторством Алибека Исахова опубликовано 36 статей в высокорейтинговых изданиях с суммарным количеством цитирований – 285.

Алибек Абдиашимович Исахов родился и вырос в городе Алматы. Молодой ученый в 2008 году в КазНУ им. аль-Фараби получил степень магистра по специальности «Математическое и компьютерное моделирование». В 2014 году успешно защитил докторскую диссертацию на тему «Моделирование турбулентных течений гибридными методами в несжимаемой среде».

Сфера научных исследований профессора А. Исахова обширна. Она затрагивает такие отрасли знаний, как: инженерия, физика и астрономия, математика, химическая инженерия, энергетика, медицина, биохимия, генетика и молекулярная биология, информатика.

Под его руководством с отличием защитились более 50 студентов и магистрантов. За весомый вклад в развитие науки Республики Казахстан А. Исахов отмечен множеством наград: лучший молодой ученый КазНУ им. аль-Фараби (2014 г.), государственная

стипендия для талантливых молодых ученых (2016 и 2020 г.), медаль за вклад в развитие университета, посвященная 80-летию КазНУ им. аль-Фараби (2016 г.), звание «Лучший преподаватель ВУЗа», медаль за вклад в развитие КазНУ им. аль-Фараби (2019 г.).

В настоящее время профессор А. Исахов является членом-корреспондентом Национальной инженерной академии РК. В канун Нового года он был награжден почетной грамотой Министра образования и науки Республики Казахстан А. Аймагамбетова. На www.scopus.com h-индекс у Алибека Абдиашимовича равен 16, что говорит о высокой цитируемости и заинтересованности его работами учеными со всего мира.

П.Т. ОМАРОВА,
Е.Ж. ЖАНДАУЛЕТ,
преподаватели кафедры математического и компьютерного моделирования

Студентка КазНУ им. аль-Фараби за прекрасные успехи, целеустремленность и настойчивость была удостоена гранта имени академика Смагулова.

СТИПЕНДИЯ ИМЕНИ АКАДЕМИКА СМАГУЛОВА

На торжественной церемонии открытия лекционной аудитории имени академика Шалтая Смагуловича Смагулова студентке 2 курса образовательной программы магистратуры кафедры математического и компьютерного моделирования Айгерим Мазаковой был выдан сертификат на получение гранта имени академика Ш.С. Смагулова Института информационных и вычислительных технологий КН МОН РК на сумму 840 000 тенге в год. Генеральный директор ИИВТ МОН РК, академик НАН РК Максат Нурадилович Калимолдаев лично вручил сертификат победительнице конкурса.

Преподавательский состав кафедры математического и компьютерного моделирования гордится такими целеустремленными, трудолюбивыми

и талантливыми студентами. Айгерим – пример настойчивости, терпения и ответственности. Искренне желаем ей не останавливаться на достигнутом, ведь впереди новые вершины. Очевидно, что своим успехом Айгерим Мазакова послужит мотиватором для других учащихся, стимулируя желание учиться и достигать своих целей. Правильный пример для подражания, коим и является Айгерим, – основа высоких достижений большинства студентов.

А.А. ИСАХОВ,
заведующий кафедрой математического и компьютерного моделирования, доктор PhD, профессор



По результатам конкурса, организованного Национальным инновационным исследовательским центром «Bilim-Orkenietі», студентка 4 курса физико-технического факультета КазНУ Айгерим Жекенбаева удостоена звания «Лучший студент года-2020»

СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ

Казахский национальный университет им. аль-Фараби является одним из самых первых классических вузов нашей страны. С самого первого дня университет, нацеленный на мировые образовательные стандарты, уверенно развивается, реализуя масштабные научные и образовательные проекты и двигаясь к стратегической цели – войти в глобальном рейтинге в топ-100 лучших вузов мира.



Ведущий вуз страны занимает достойное место на мировой научно-образовательной площадке, демонстрируя высочайшие стандарты обучения. На сегодняшний день КазНУ является первым университетом Казахстана, который попал в топ-200 университетов мира, заняв 165-е место в глобальном рейтинге.

Завсею историю своего существования Казахский Национальный Университет воспитал очень много достойных сынов, которые составили впоследствии славу нашей родины. Достаточно вспомнить таких выдающихся деятелей, как: О. Сулейменов, М. Магауин, А. Кекилбаев, О. Бокеев, М. Макатаев.

Система образования в КазНУ совершенствовалась с каждым годом, и около десяти лет назад университет присоединился к Болонскому процессу обучения, тем самым став частью европейской образовательной системы.

Все эти годы КазНУ участвовал в международных научных конференциях, реализовывал совместные программы обучения с университетами зарубежных стран, обеспечивал платформу для запуска многих бизнес-проектов, тем самым став лауреатом премии «За достижения в области качества» (2006). В соответствии с этим КазНУ им. аль-Фараби был признан самым крупным и успешным университетом Центральной Азии.

В настоящее время в университете по многоуровневой системе высшего профессионального образования обучаются более 25 000 студентов. Им преподают более 2000 профессоров, докторов, кандидатов наук и докторов философии PhD, свыше 100 академиком крупнейших академий, около 30 заслуженных деятелей РК, 30 лауреатов Государственных и именных премий Казахстана и 40 лауреатов премий молодых ученых, 45 стипендиатов государственных научных стипендий.

КазНУ имени аль-Фараби по праву признан одним из самых престижных университетов Казахстана. Он уверенно представляет Казахстан в международном научном и образовательном пространстве.

Сегодня перед КазНУ стоит стратегическая цель – трансформация в исследовательский университет и входение в глобальном рейтинге в топ-100 лучших вузов мира.

Ж.Т. ТАУБАЕВ,

PhD, и.о. доцент кафедры общего языкознания и европейских языков

Г.Б. ҚУАНЫШБЕК,

магистрант 1-го курса кафедры общего языкознания и европейских языков

Бүкіл әлемге әйгілі шығыстың атақты философы Әбу Насыр ибн әл-Фарабидің есімімен аталған Қазақ ұлттық университеті қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі.

ҚазҰУ-МАҚТАНЫШЫМ!

Елімізде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сияқты бірінші болып мемлекеттік аттестациядан өткен және барлық мамандықтар мен дәрежелер бойынша білім қызметін жасайтын оқу орнының қалыптасқаны мақтауға лайық деп санаймыз. Біздің университетіміз Қазақстан ЖОО Басты рейтингісі бойынша көшбасшы, мемлекетіміздің тарихында бірінші болып Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының «Қызметтер мен өнім сапасы саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының дипломанты атанды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық университеттер Ассоциациясының мүшесі және Еуразиялық университеттер Ассоциациясының ұйымдастырушысы болып табылады. Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстан ЖОО-лары арасында тұңғыш болып Болон қаласында Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды, ИСО 9000:2000 халықаралық стандарттар талабы негізінде сапа менеджмент жүйесіне сай (СМЖ) халықаралық сертификаттаудан жемісті өтті және IQNET Халықаралық сертификаттау жүйесі сынды ең ірі әлемдік сертификаттау орталығының куәлігін иеленді.

Қазақ ұлттық университеті өзінің негізін 1934 жылы 15 қаңтарда қалағаннан бастап Қазақстандағы білім беру жүйесінің бетке ұстар, университеттік дәстүрлердің, кәсіби білікті ғылыми және педагогикалық мектептердің бастау көзі болды, менің осы сөздеріме дәлел ретінде оқу орнымыздың әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енгендігі және QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасағанын айтуға болады.

Сонымен қатар, UI Green Metric Ranking of World Universities жаһандық рейтингінде ҚазҰУ 172-ші орынға ие болды және осылайша ең экологиялық университеттердің топ-200-ші позициясын нығайтты. Times Higher Education Британ агенттігінің зерттеу нәтижесі бойынша ҚазҰУ Орталық Азия университеттерінің арасында бірінші болып әлемнің үздік жоғары оқу орындарының қатарына кірді. ARES еуропалық рейтингінде (Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палата) ҚазҰУ АА

бағасын алып, жетекші еуропалық ЖОО қатарына енді.

Көптеген шетелдік жоғары оқу орындары ҚазҰУ-дың оң тәжірибесін қолданысқа енгізуде. Алдыңғы қатарлы шетелдік университеттермен бірлесе қос диплом бағдарламасы және ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда, соның нәтижесінде Қазақстан бойынша ең көп шетелдік студенттер ҚазҰУ-да білім алуда. Тек соңғы жылдың өзінде олардың саны 15 есеге өскендігін айту қажет.

Халықаралық рейтингі жоғарғы журналдардағы қазақстандық авторлардың әрбір бесінші жарияланымы – ҚазҰУ ғалымдарының үлесі. Соңғы 5 жылда университет инфра-құрылымның жалпы аумағы 50% пайызға дейін өсті. БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабы ретінде ҚазҰУ жаңа буын университетінің «Университет 4.0» моделін жасап енгізді. Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0» моделі халықаралық деңгейде кеңінен таратуға ұсынылды. ҚазҰУ әлемнің 12 елінде әл-Фараби орталықтарын ашты. Қазақ ұлттық университетінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық деңгейі басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктерде көрініс табууда. Жетістіктер әрине көп-ақ...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик Ғ.М. Мұтановтың сөзімен аяқтайық: «Біз, Қазақстанның болашағын дайындап жатқанымызды нық сеніммен айта аламыз, себебі біздің түлектеріміздің көпшілігі Қазақстан қоғамының элитасын құрайды және еліміздің даму бағытының қалыптасуына атсалысады. Бұл біздің маңызды нәтижеміз, біз оны мақтан етеміз және болашаққа деген сеніммен қараймыз».

А. ЛИЯСОВА,

ҚазҰУ түлегі, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы

А. ӘБІЛҚАСЫМ,

психология мамандығының 3-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.